

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін" басқа да міндетті төлемдер туралы Заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 14 желтоқсан N 316-І

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 4 сәуірдегі Z952235_ N 2235 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88, 89-құжаттар; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат); 1998 жылғы 3 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Z980260_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1998 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Алматы қаласының мәртебесі туралы мәселелер бойынша)" 1998 жылғы 1 шілдедегі Z980259_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1998 жылғы 7 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;) мынадай толықтыру енгізілсін:

179-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Акцизделетін өнім өндірушілерге 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісім-шарттарға сәйкес тікелей салықтар бойынша берілген салық режимі осы келісім-шарттарда белгіленген талаптарда сақталады."

2-бап. Осы Заңның күші 1997 жылғы 28 шілдеден бастап пайда болған құқық қатынастарына қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)
(Қобдалиева Н.М.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК